

2005 жылға арналған облыстық бюджет туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 12/2 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 24 желтоқсанда N 1436 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010 жылғы 23 шілдеде N 27/10 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2010.07.23 N 27/10 Шешімімен

1. 2005 жылға арналған облыстық бюджет көлемі 1 қосымшаға сәйкес мына көлемдерде бекітілсін:

а) түсімдер - 23 699 855 мың теңге, соның ішінде
салық түсімдері - 5 553 165 мың теңге;
салықтан тыс түсімдер - 24 353 мың теңге;
қалалық бюджеттен бюджеттік алу - 270 322 мың теңге;
республикалық бюджеттен ресми түскен трансферттер - 15 694 783 мың теңге

;

б) шығындар - 24 064 106 мың теңге, соның ішінде:
кредиттер - 28 000 мың теңге.

е) т а р а у ы :

тапшылық (профицит) - 1 323 650 мың теңге;

ж) т а р а у ы :

Тапшылықты қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 1 323 650 мың теңге,
с о н ы ң і ш і н д е :

қарыздар түсімі - 1 065 000 мың теңге, бюджет қаражаты қалдықтарының
қозғалысы - 258 650 мың теңге. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1, 2005 жылғы 29 наурыздағы N 14/1; 2005 жылғы 27 мамырдағы N 16/1; 2005 жылғы 12 шілдедегі N 17/1 2005 жылғы 19 қазандағы N 19/1 шешімдерімен.

2. 2005 жылға арналған облыстық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылды деп белгіленсін:

ә л е у м е т т і к с а л ы қ ;

жер үсті су көздері ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер;

орманды пайдаланғаны үшін төлемдер;

қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер.

3. Облыстық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылады деп белгіленсін:

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табыс түсімдері (облыс әкімдігінің меншігі болып табылатын);

коммуналдық меншікті жалға беру (облыс әкімдігінің меншігі болып табылатын) жекешелендіруден түскен түсімдер;

басқа да салықтан тыс түсімдер;

жергілікті бюджеттен қарыз алушыларға берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер);

4. Облыстық бюджеттердің кірістері келесі бюджеттік кредиттерді өтеу есебінен қалыптастырылады деп белгіленсін;

жергілікті бюджеттен қарыз алушыларға берілген бюджеттік кредиттерді өтеу.

5. Облыстық қаражат кірістерінің құрастырылуы ел ішіндегі қаржылық активтерді сатудан түскен келесі түсімдер есебінен белгіленсін:

шұғыл басқарымдағы немесе коммуналдық кәсіпорындардың шаруашылық қарауындағы мүліктік кешен, басқалай мемлекеттік мүлік түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды сатудан (облыс әкімдігінің меншігі болып табылатын) түсетін түсімдер;

6. Төменгі тұрған бюджеттердің кірістері келесі салықтық түсімдерден қалыптастырылады деп белгіленсін:

төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы;

төлем көзінен ұсталмайтын кірістердің жеке табыс салығы;

қызметін бір реттік талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардың жеке табыс салығы;

заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

акциздер, республикалық бюджеттен түсетін акциздерден басқа;

жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлемдер;

кәсіпкерлік және кәсіби қызмет жүргізгені үшін алымдар;

мемлекеттік бюджетке түсетін басқа да салықтар;

республикалық бюджетке түсетін мемлекеттік баждан басқа мемлекеттік баж.

7. Төменгі тұрған бюджеттердің кірістері келесі салықтық емес түсімдерден қалыптастырылады деп белгіленсін:

коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың (аудандар мен Петропавл қаласы әкімдігінің) таза кіріс бөлігінен түсетін түсімдер;

коммуналдық меншік мүліктерін жалға беруден (аудандар мен Петропавл қаласы әкімдігінің) түскен кірістер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер көрсетуден түскен түсімдер;

жылжымалы мүліктер кепілдігін тіркегені үшін төлемдер;
иесіз мүліктерді сатудан, коммуналдық меншікке белгіленген тәртіппен тегін берілген мүлік, бақылаусыз қалған жануарларды, тауып алған заттарды сондай-ақ мұралау құқығы бойынша мемлекетке ауысқан мүліктерді сатқаннан түскен түсімдер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұсынатын қызметтер көрсетуден түскен түсімдер;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастырған мемлекеттік сатып алуды жүргізуден түскен ақша түсімдері;

түзету жұмыстарындағы сотталғандардың жалақыларынан ұстаудан түскен түсімдер;

жергілікті мемлекеттік органдармен салынатын әкімшілік айыппұлдарды, өсімді, санкцияларды өндіріп алу;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен салынатын басқа да айыппұлдарды, өсімді, санкцияларды өндіріп алу;

жергілікті бюджетке түсетін басқа да салықтан тыс түсімдер. <*>

Ескерту. 7-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімімен.

8. Төменгі тұрған бюджеттердің кірістерінің құрастырылуы ел ішіндегі қаржылық активтерді сатудан түскен келесі түсімдер есебінен белгіленсін:

шұғыл басқарымдағы немесе коммуналдық кәсіпорындардың шаруашылық қарауындағы мүліктік кешен, басқалай мемлекеттік мүлік түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды сатудан (аудандар және Петропавл қаласы әкімдіктері) түсетін түсімдер;

9. Қазақстан Республикасы Үкіметімен айқындалған тәртіпте келесі ұйымдармен ұсынылатын тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен түсімдер белгіленсін:

мемлекеттік білім беру мекемелері;

психоневрологиялық мекемелер;

жалпы үлгідегі қарттар мен мүгедектер үшін интернат үйлері;
ақыл-есі кем балалар интернат үйлері және психоневрологиялық интернаттар;

мемлекеттік мұрағат мекемелері;

орман шаруашылық мемлекеттік мекемелері;

мемлекеттік кітапханалар;
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау. <*>

Ескерту. 9-тармақ толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімімен.

10. 2005 жылға арналған облыстық жергілікті атқарушы органының резерві 57 911 мың теңге бекітілсін; соның ішінде:
төтенше резерв - 20 000 мың теңге;
кезек күттірмейтін шығындарға арналған резерві - 56 411 мың теңге, соның ішінде сот шешімі бойынша жергілікті атқарушы органдар міндеттемелерін атқару жөнінде - 20 000 мың теңге. <*>

Ескерту. 10-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1, 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 15/2; 2005 жылғы 12 шілдедегі N 17/1; 2005 жылғы 26 тамыздағы N 18/5, 2005 жылғы 19 қазандағы N 19/1 шешімдерімен.

11. Облыстық бюджеттен аудандар бюджеттеріне 2005 жылға арналған субвенциялардың мөлшері жалпы сомасы 6 151 644 мың теңге болып белгіленсін

с о н ы ң і ш і н д е :

Айыртау ауданына	-	536 448 мың теңге;
Ақжар ауданына	-	398 460 мың теңге;
Аққайың ауданына	-	379 141 мың теңге;
Ғ. Мүсірепов ауданына	-	552 474 мың теңге;
Есіл ауданына	-	492 856 мың теңге;
Жамбыл ауданына	-	520 764 мың теңге;
Қызылжар ауданына	-	447 710 мың теңге;
М. Жұмабаев ауданына	-	545 215 мың теңге;
Мамлют ауданына	-	423 411 мың теңге;
Тайынша ауданына	-	654 798 мың теңге;
Тимирязев ауданына	-	299 820 мың теңге;
Уәлиханов ауданына	-	402 289 мың теңге;
Шал ақын ауданына	-	420 408 мың теңге;
Петропавл қаласына	-	77 850 мың теңге. <*>

Ескерту. 11-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1, 2005 жылғы 29 наурыздағы N 14/1, 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 15/2; 2005 жылғы 27 мамырдағы N 16/1; 2005 жылғы 12 шілдедегі N 17/1, 2005 жылғы 19 қазандағы N 19/1 шешімдерімен.

11-1. 5 қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламалар бойынша жыл басында қалыптасқан облыстық бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен облыстық бюджет шығыстарына қаражат бөлінсін. <*>

Ескерту. 11-1 тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімімен.

11-2. 2005 жылға арналған облыстық бюджетте қарастырылсын:
1 065 000 мың теңге сомасында жергілікті бағдарламаға "Тұрғын үй құрылысы үшін аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерін к р е д и т т е у . < * >

Ескерту. 11-2 тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімімен.

11-3. 2005 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан 30220 мың теңге сомада бюджеттік қаражаттардың бос қалдығы 257-011-000 "Мақсатты трансферттерді қайтарып алу" бағдарламасына бағытталсын.

Ескерту. 11-3 тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 14/1 шешімімен.

11-4. Аудандық (облыстық маңызды қалалар) бюджеттеріне мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік қызметші емес мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын өсіру үшін 943 914 мың теңге сомада ағымдағы мақсатты трансферттер қарастырылсын, соның і ш і н д е :

Айыртау ауданына	- 76 601 мың теңге;
Ақжар ауданына	- 50 230 мың теңге;
Аққайың ауданына	- 54 456 мың теңге;
Есіл ауданына	- 79 407 мың теңге;
Жамбыл ауданына	- 64 240 мың теңге;
М.Жұмабаев ауданына	- 75 165 мың теңге;
Қызылжар ауданына	- 67 903 мың теңге;
Мамлют ауданына	- 45 900 мың теңге;
Ғ.Мүсірепов ауданына	- 80 746 мың теңге;
Тайынша ауданына	- 92 362 мың теңге;
Тимирязев ауданына	- 38 292 мың теңге;
Уәлиханов ауданына	- 48 210 мың теңге;
Шал ақын ауданына	- 53 484 мың теңге;
Петропавл қаласына	- 116 918 мың теңге.

Ескерту. 11-4 тармақпен толықтырылды - СҚО мәслихатының 2005 жылғы 12 шілдедегі N 17/1, 2005 жылғы 19 қазандағы N 19/1 шешімімен.

12. 2005 жылдың 1 қаңтарынан Қазақстан Республикасының Үкіметімен айқындалған тізбе бойынша ішкі істер органдары сапындағы бөлімшелерінің аттестацияланған құрамына тұрғын үйлерді ұстауға және коммуналдық қызметтерге айлық мөлшерінде ақшалай өтемақы төлеуге аудандар, Петропавл қаласы және облыстық бюджеттер шығыстарында ассигнация қарастырылғаны

е с к е р і л с і н .

13. 2005 жылдың 1 қаңтарынан орта білім беру мемлекеттік мекемелерінің кітапханалық қорларын жаңарту үшін оқулықтар алуға және жеткізуге облыстық бюджет құрамында қарастырылған 1 594 мың теңге сомасындағы ассигнация б е л г і л е н с і н .

14. 2005 жылға арналған аудандар, Петропавл қаласы және облыстық бюджеттің шығыстарында "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі " Заңының II кезеңін іске асыру 3 қосымшамен сәйкес 23 022 мың теңге мөлшерінде ескерілсін.

15. 2005 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарында тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуге 4 702 306 мың теңге, соның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуге 521 735 мың теңге сомада қосымша шығындар көзделсін.

16. 2005 жылға арналған жергілікті бюджет шығындарында селолық жерлерде денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет мамандарына әлеуметтік көмек көрсетуге төлемдер белгіленсін;

ауылдық жерлерде қызмет ететін лауазымдық жалақылары (тарифтік ставкалары) 25 пайызға жоғарылайтын денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандарына. <*>

Ескерту. 16 тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімімен.

17. 2005 жылға арналған облыстық бюджеттің шығыстарында дәрі-дәрмектерді, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық дәрі-дәрмектерді орталықтандырылып сатып алуға қаражат шығындар 76 132 м ы ң т е ң г е .

18. 2004 жылға арналған облыстық бюджетті дамыту бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бюджеттік инвестициялық жобаларға және бағдарламаларға бөлумен 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

18-1. Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер сомасы 393 750 мың теңге Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, М.Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғ.Мүсірепов, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары бюджеттеріне 2400 мың теңгеден әрқайсысына, Петропавл қаласына - 362550 мың теңге бағытталсын. <*>

Ескерту. 18-1 тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1, жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы N 14/1 ш е ш і м д е р і м е н .

19. 2005 жылға арналған облыстық бюджетті орындау барысында секвестрлеуге жатпайтын облыстық бюджеттік бағдарламалар тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

19-1. 6 қосымшаға сәйкес аудандар, Петропавл қаласы, 2005 жылға арналған облыстық бюджет бөлігінде республикалық бюджеттен ағымдағы мақсатты трансферттер сомаларының бөлінуін бекіту. <*>

Ескерту. 19-1 тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1 шешімімен.

20. Осы шешім 2005 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енеді.

О б л ы с т ы қ М ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың хатшысы

" 2 0 0 5 жылға арналған
облыстық бюджет туралы "
облыстық мәслихаттың
2004 жылғы 21 желтоқсандағы
N 12/2 шешіміне 1 қосымша <*>

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/1, 2005 жылғы 29 наурыздағы N 14/1, 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 15/2 2005 жылғы 27 мамырдағы N 16/1 ; 2005 жылғы 12 шілдедегі N 17/1; 2005 жылғы 26 тамыздағы N 18/5, 2005 жылғы 19 қазандағы N 19/1, 2005 жылғы 28 қарашадағы N 20/1 шешімдерімен.

2005 жылға арналған облыстық бюджет

Санат				Сомасы мың теңге
	Сынып			
		Кіші сынып		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			Кіріс	23 699 855
1			САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	5 554 846
	03		Әлеуметтік салық	5 046 199
		1	Әлеуметтік салық	5 046 199
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	508 647
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	508 647
2			Салыққа жатпайтын түсімдер	22 672
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	20 272
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кіріс бөлігінің түсімі	287

		5	Мемлекеттік меншіктегі мүліктерді жалға беруден түскен кірістер	18 485
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар (мүдделер)	1 500
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бюджетінен қамтамасыз етілетін және қаржыландырылатын (шығыс сметалары) мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімпұл, санкциялар	900
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі бюджетінен қамтамасыз етілетін және қаржыландырылатын (шығыс сметалары) мемлекеттік мекемелермен салынатын айыппұлдар, өсімпұл, санкциялар	900
	06		Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	1 500
		1	Салыққа жатпайтын басқа да түсімдер	1 500
4			Алынған ресми трансферттер	18 122 337
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	270 322
		2	Аудандық (қалалық) бюджеттен түсетін трансферттер	270 322
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғарғы органдарынан түсетін трансферттер	17 852 015
		1	Республикалық бюджеттің трансферттері	17 852 015
Функционалдық топ			Атауы	Сума, мың теңге
	Әкімші			
		Бағдарлама		
1	2	3	А	В
			Шығындар	24 064 106
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызмет	432 613
	110		Облыс мәслихатының аппараты	19 761
		001	Мәслихаттың қызметін қамтамасыз ету	19 761
	120		Облыс әкімінің аппараты	275 881
		001	Әкімнің қызметін қамтамасыз ету	275 881
	257		Облыстың қаржы департаменті (басқармасы)	81 056
		001	Қаржы департаментінің қызметін қамтамасыз ету	51 906
		003	Біржолғы талондарды беруді ұйымдастыру және біржолға талондарды өткізуден түсетін сомаларды толық жиналуын қамтамасыз ету	23 107
		009	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	5 377
		010	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	666
	258		Облыс экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті (басқармасы)	55 915

		001	Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	55 915
02			Қорғаныс	75 272
	250		Облыс жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар департаменті (басқармасы)	75 272
		001	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	14 752
		003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	11 869
		005	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	38 777
		006	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	9 874
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1 156 556
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істердің атқарушы органы	1 156 556
		001	Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істердің атқарушы органы қызметін қамтамасыз ету	1 109 617
		002	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	46 078
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	861
04			Білім беру	3 235 295
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ішкі істердің атқарушы органы	13 721
		007	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	13 721
	253		Облыс денсаулық сақтау департаменті (басқармасы)	44 060
		002	Орта кәсіптік білімді мамандарды даярлау	34 604
		003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	9 456
	260		Облыс дене шынықтыру және спорт басқармасы (бөлімі)	336 387
		006	Балалар мен жеткіншектерге спорт бойынша қосымша білім беру	266 395
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	69 992
	261		Облыс білім беру департаменті (басқармасы)	2 244 520
		001	Білім беру департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	36 747
		003	Жергілікті органдар аппараты	460 521
		004	Орта білім жүйесін ақпараттандыру	2 349
		005	Білім берудің мемлекеттік облыстық ұйымдары үшін оқулықтар сатып алу және жеткізу	3 210
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	121 026
		007	Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын өткізу	39 422
		008	Бастапқы кәсіптік білім беру	372 550

		009	Орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлау	262 242
		010	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	47 784
		011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	7 653
		017	Жалпы орта білім беру мемлекеттік мекемелерінің үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз ету үшін аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалар) арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	287 803
		018	Жаңа енгізілген білім беру объектілерін ұстау үшін аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалар) арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	409 009
		019	Жалпы орта білім беру мемлекеттік мекемелерінің Интернетке қосылуын және трафикке төлеуді қамтамасыз ету үшін аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалар) арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	58 627
		020	Жалпы орта білім беру мемлекеттік мекемелеріне кітапхана қорын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік комплекстерді сатып алу үшін аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалар) арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	83 853
		021	Жалпы орта білім беру мемлекеттік мекемелеріне лингванофондық және мультимедиялық кабинеттер жасау үшін аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалар) арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	51 724
	266		Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	596 607
		016	Білім беру объектілерін дамыту	596 607
05			Денсаулық сақтау	7 644 764
	253		Арнайы оқыту бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	6 693 404
		001	Денсаулық сақтау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	45 868
		004	Бастапқы санитарлық-медициналық көмек және денсаулық сақтау ұйымдары мамандарының бағыты бойынша стационарлық медициналық көмек көрсету	3 043 292
		005	Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қан, оның компоненттері мен препараттарын өндіру	66 731
		006	Ана мен баланы қорғау	42 182
		007	Салауатты өмір сүруді насихаттау	3 552
		008	Аурулар жеке түрлері бойынша халықты дәрілік заттармен қамтамасыз ету	308 052
		009	Айналадағылар үшін қауіп төндіретін және әлеуметтік-елеулі аурулармен ауыратын адамдарға медициналық көмек көрсету	1 250 783
		010	Халыққа бастапқы медициналық-санитралық көмек көрсету	1 792 425
		012	Төтенше жағдайларда халыққа медициналық көмекті көрсету	126 933
		013	Патологоанатомиялық союды жүргізу	7 616

		016	Елді мекен шегінен тыс жерлерге жазылуға тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	5 970
	266		Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	597 346
		018	Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет объектілерін дамыту	11 400
		019	Денсаулық сақтау объектілерін дамыту	585 946
	269		Облыс мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті (Басқармасы)	354 014
		001	Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	176 774
		002	Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы	174 126
		003	Індетке қарсы күрес	3 114
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	898 839
	256		Облыс жұмыспен қамтылу мен әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру департаменті (басқармасы)	601 489
		001	Азаматтарды елді мекеннің шегінен тыс емделуге тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	47 669
		002	Жалпы үлгідегі мүгедектер мен қарттарды әлеуметтік қамтамсыз ету	411 317
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау көрсету	66 035
		006	Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне бір жолғы көмек төлеу үшін аудандардың бюджеттеріне (облыстық маңызы бар қалалар) арналған ағымдағы нысаналы трансферттер	67 344
		009	Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтардың телефон үшін абоненттік төлем тарифінің көтерілуін өтеуге аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттер	1 977
		010	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының жол жүруін қамтамасыз ету. Облыстық бюджеттен ресми трансферттер есебінен бағдарламаны іске асыру	7 067
		011	Жәрдемақыларды есептеу, төлеу мен жеткізу және басқа да әлеуметтік төлемдер бойынша қызметтерді төлеу	80
	261		Облыс білім беру департаменті (басқармасы)	244 356
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	244 356
	266		Облыстың сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	52 994
		020	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін дамыту	52 994
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1 015 284
	266		Облыстың сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	1 015 284
		006	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер	393 750

		007	Сумен жабдықтау жүйесін дамытуға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне нысаналы даму трансферттер	621 534
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	681 628
	259		Облыс мұрағат және құжаттама басқармасы (бөлімі)	49 757
		001	Мұрағат және құжаттама басқармасының (бөлімінің) қызметін қамтамасыз ету	8 931
		002	Мұрағат қорының сақталуын қамтамасыз ету	40 826
	260		Облыс дене шынықтыру және спорт басқармасы (бөлімі)	157 040
		001	Дене шынықтыру және спорт басқармасының (бөлімінің) қызметін қамтамасыз ету	14 026
		003	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	6 738
		004	Республикалық және халықаралық спорт жарыстарына әртүрлі спорт түрлері бойынша облыстық құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың қатысуы	136 276
	262		Облыс мәдениет департаменті (басқармасы)	272 673
		001	Мәдениет департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	15 878
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	74 957
		005	Жергілікті маңызы бар тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және оған қол жетімді болуын қамтамасыз ету	41 738
		007	Жергілікті маңызы бар театр және музыка өнерін қолдау	93 109
		008	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	46 991
	263		Облыс ішкі саясат департаменті (басқармасы)	150 735
		001	Ішкі саясат департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	39 689
		002	Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу	108 129
		003	Жастар саясаты саласында өңірлік бағдарламаларды іске асыру	2 917
	264		Облыс тілдерді дамыту жөніндегі басқарма	16 511
		001	Тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың қызметін қамтамасыз ету	11 003
		002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	5 508
	265		Облыс кәсіпкерлік және өнеркәсіп департаменті (басқармасы)	312
		005	Туристік қызметті реттеу	312
	266		Облыстың сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	34 600
		022	Дене шынықтыру және спорт объектілерін дамыту	34 600
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	1 145 451
	251		Облыс жер қатынастарын басқару	15 526

	001	Жер қатынастарын басқармасының қызметін қамтамасыз ету	15 526
254		Облыс табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаменті (басқармасы)	189 902
	001	Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	24 893
	005	Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру	159 726
	006	Жануарлар әлемін қорғау	3 283
	008	Қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар өткізу	2 000
255		Облыс ауыл шаруашылығы департаменті (басқармасы)	44 069
	001	Ауыл шаруашылығы департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	34 351
	002	Асыл тұқымды мал шаруашылығы мен құс шаруашылығын дамыту	7 368
	005	Республикалық меншікке жатпайтын ауыл шаруашылығы ұйымдарының банкроттық рәсімдерін жүргізу	2 350
266		Облыстың сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	895 954
	026	Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту	895 954
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	46 645
266		Облыс сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаменті (басқармасы)	30 333
	001	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	28 999
	002	Елді мекендер құрылысының бас жоспарын әзірлеу	1 334
267		Облыс мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау департаменті (басқармасы)	16 312
	001	Мемлекеттік сәулет-құрылыстық бақылау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	16 312
12		Көлік және коммуникациялар	434 217
268		Облыс жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті (басқармасы)	434 217
	001	Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	21 187
	003	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	413 030
13		Басқалары	1 112 276
120		Облыс әкімінің аппараты	57 131
	006	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын құру немесе арттыру	57 131
257		Облыс қаржы департаменті (басқармасы)	1 001 825
	013	Шұғыл шығындарға арналған облыстық жергілікті атқарушы органының резерві	56 411
	014	Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін облыстың жергілікті атқарушы органының төтенше резерві	1 500
		Мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік қызметші емес мемлекеттік мекеме қызметшілерінің және қазыналық	

		015	кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысын көтеру үшін аудандық бюджеттердің (облыстық маңызы бар қалалар) ағымдағы нысаналы трансферттері	943 914
	258		Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің (басқармасының) қызметін қамтамасыз ету	10 867
		003	Жергілікті инвестициялық жобалардың (бағдарламалар) техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу және оның экспертизасын жасау	10 867
